

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
кітапханашысының

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

2021-2022 оқу жылы бойынша жылдық есебі.



«Оқуға құштар ұлт, оқуға құштар мектеп» жобасы аясында облыстық, аудандық жопарларға сәйкес мектеп кітапханасында жылдық жоспар жасалды. Осы жоспарға сәйкес сәйкес жыл басында-ақ «Бірге оқимыз» тақырыбында оқырмандар бұрышы жасалды. Оған қоса мектеп оқушылары арасында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» марафоны өткізілді. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын басқа да оқушыларға насихаттады. «Кітапхана-



ғажайып қазына» акциясы аясында «Кітапханаға кітап сыйла» жобасына орай әдеби кітаптар жинау ісі атқарылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер елінде» шарасы өтті. Онда оқушылар мектеп кітапханасындағы ертегі кітаптар мен балалар журналындағы ертегілермен танысты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Анаммен бірге оқимын» шарасы ұйымдастырылып, балалары мен аналары қандай шығармаларды қызығып оқитындығы, балаларын кітап оқуға қалайша қызықтыратындықтары жайы тыңдалып, ата-аналар арасында мазмұнды ой бөліс өтті.